

"Алматымемкөлікжоба" жобалау-іздестіру институтының бағыныстылығы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 12 қараша 1993 ж. N 1119

Республикада көлік саласындағы жобалау-іздестіру жұмысын басқаруды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің "Алматымемкөлікжоба" жобалау-іздестіру институтын "Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясы болып қайта құрылған Қазақстан Республикасы Көлік құрылысы министрлігінің қарауынан Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің қарауына беру туралы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі Мемлекеттік комитетімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзім ішінде белгіленген тәртіппен "Алматымемкөлікжоба" жобалау-іздестіру институтын Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің қарауына беретін болсын.

3. "Алматымемкөлікжоба" институты "Қазмемкөлікжоба" республикалық бас техникалық-экономикалық зерттеулер және темір жол көлігі объектілерін жобалау институты болып қайта құрылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі